ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 07 маусым Іс №7119-24-00-2/6346 Астана қ.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.Б. Есибаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Naur-GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2024 жылығы 18 наурызда Талапкер мен Жауапкер арасында ҚҚС-ты ескере отырып, жалпы сомасы 88 000 теңге болатын № 377 (Сифон, сөндіргіш, тоқтетік) тауарларды мемлекеттік сатып алу шартына қол қойылды.

Шартқа 1-қосымшаның талаптарына сәйкес тауар Тапсырыс беруші өтінім берген күннен бастап күнтізбелік 16 күн ішінде жеткізілуі тиіс.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталында бойынша тауарларды жеткізуге 2024 жылғы 28 наурыздада жазбаша өтінім берілді.

Тапсырыс беруші 2024 жылғы 26 сәуірде Жеткізушіге дауды сотқа дейінгі тәртіпте шешу туралы сотқа дейінгі талап-арызды жолдады, алайда бүгінгі күнге дейін шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған.

Осыған байланысты, талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық

айыбын өндіруді сұрады.

Заңның 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес егер әлеуетті өнім беруші өзімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған жағдайда, онда мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сот анықтағандай, жауапкер шарттың белгіленген мерзімде шарт бойынша тауар жеткізілмеген, бұл тапсырыс беруші үшін белгілі бір теріс салдарлардың туындауына әкеп соққан.

Талап арызда өнім берушінің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген, АПК-нің 267-3 бабының 6-тармағына сәйкес өткізілген жеке процессуалдық әрекеттерде жауапкер өз пайдасына тиісті дәлелдемелерді ұсынбаған.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Naur-GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Naur-GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Naur-GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 1 936 теңге тұрақсыздық айыбы және 59 мемлекеттік баж, барлығы 1 995 (бәр мың тоғыз жүз тоқсан бес) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Есибаев К. Б., 07.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 16.07.2024, судья Бакишев А. Б., 30.07.2024
7119-24-3-1/5753

«Naur-GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Қарлығаш» «балабақшасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына артық төленген 1 666 (бір мың алыт жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж сомасы қайтарылсын.

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арыз беруге құқылы. Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Есибаев К.Б.**

Құжатқа қол қойылған: Есибаев К. Б., 07.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.07.2024, судья Бакишев А. Б., 30.07.2024

7119-24-3-1/5753